

БЕКІТЕМІН:

**«Көсембай негізгі мектебі» ММ -нің директоры:
Елғондина Д.М**

2022-2023 оқу жылында Көсембай негізгі мектебі кітапханасының

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кел, бірге оқиық!» жобасы.

Мақсаты: Балаларды әдеби кітапқа деген құштарлығын арттыру, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани – тәлім тәрбие беру. Сынып жетекшіні бірге оқуға тарту, бірлесе кітап оқуын ұйымдастыру.

Міндеті: Балалармен жасөспірімдерді кітаптарды көбірек оқуға үйрету, кітаптарды дұрыс таңдауға бағыт -бағдар беру. Сөздік қорларын байытып, еске сақтауды, бір -бірімен пікір алмасуды дамыту.

Жобаның сипаттамасы: «Кел, бірге оқиық!» Кіші және орта жастағы балаларға арналған. Сынып жетекшімен бірге дауыстап оқып, оқылған шығарманың мазмұның, шығармадағы айтылған негізгі ой мен сюжетін талқыға салу.

Күтілетін нәтижелер: Ойлауға үйретіп, назарларын бір жерге жинақтауды, өзін құрметтеуді үйренеді. Сабақ оқу үдерісін жеңілдетеді, ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуге көмектеседі. Жаман қылықтардан аулақ жүруге, жаңа білім алу жолдарын үйретеді. Қатардағы қарапайым қабілеті бар балалардың өзін-өзі көрсету мүмкіндігі туады, оқырман «туындысы» шығады.

Жобаға қатысушылар: 1,2,3,4,5,6,7,8,9 сынып оқушылары

Жобаны іске асыру мерзімі: 2023 оқу жылы, қаңтар -ақпан -наурыз- сәуір -мамыр

Жоба аясында өткізілетін іс -шаралар:

Сынып жетекші мен оқушыларды ұйымдастыру.

Кітапханашы әр сыныпқа оқылатын кітаптардың тізбесін ұсынады.

Сынып жетекші өз қалауымен бір кітапты таңдап сол бойынша жұмыстанады.

Оқыған кітаптарына қорытынды жұмыс көрсетеді.

Жұмыстар арнайы қазылар алқасымен бағаланады.

Жобаға қатысушы сыныптар I ,II, III орындармен ал, сынып жетекшілер арнайы алғыс хаттар мен марапатталады.

Жоба аясында өтілетін іс -шаралар үлгісі:

Әдеби ойындар түрі: сұрақ-жауап сайысы, әдеби аукциондар, кітапқа саяхат, әдебиетке, шығарма кейіпкерлеріне саяхат. Әдеби-музыкалық концерт немесе қойылымдар. Оқыған кітаптары туралы әңгіме немесе оқырман конференциясын құру.

Оқыған кітаптың желісіне суреттер көрмесі («Біздің не оқығанымызды көр!»).

Плакаттар көрмесі («Жақсы кітаптар оқыңыздар»).

Фотокөрме («Менің достарым оқиды», Менің сыныбым, Біз оқимыз).

Ұсынылған кітаптар тізбесі:

1-4 сыныптар үшін

Қазақ әдебиеті

- Ана тіліне тағзым / Мұзафар Әлімбаев - Алматы: Атамұр, 2014.
- Үлкендерден үйреніп / Мұзафар Әлімбаев - Алматы :Атамұра, 2006.
- Қағаз қалпақ / Оспанхан Әубәкіров - Нұр -Сұлтан:Фолиант, 2022.
- Жабак туралы әңгімелер / Оспанхан Әубәкіров – Нұр -Сұлтан: Фолиант, 2022.
- Зерек бол / Ескен Елубаев – Алматы: Атамұра, 2014.
- Бала бүркіт / Тұрдақын Жексенбай – Алматы:Атамұра, 2014.
- Бүркіттің балапаны / Тұрдақын Жексенбай - Алматы: Атамұра, 2013
- Бал бұлақ / Тұрдақын Жексенбай – Алматы: Атамұра, 2010.
- Рассказы моего дедушки / Турдакын Жексенбай – Алматы:Атамұра, 2020.
- Алдаркөсе / Қ.Мырза Әли – Алматыкітап, 2017.
- Жыл құстары келгенде / Сұлтан Қалиұлы – Алматы: Атамұра, 2014
- Жылдың ең қысқа күндері / Кәдірбек Сегізбайұлы – Алматы: Атамұра,2014.
- Жетім қонжық / Кәдірбек Сегізбайұлы – Алматы: Атамаұра, 2010.
- Қос қоңырау / Оразақын Асқар – Алматы: Атамұра 2014.
- Қазақстан халқы ертегілері / К.Әлпейісова – Алматыкітап,2021

Әлем әдебиеті

- Таңдаулы ертегілер / Ганс Христиан Андерсен – Нұр - Сұлтан: Фолиант,2020.
- Ғажайып ертегілер / Ганс Христиан Андерсен – Нұр - Сұлтан:Фолиант,2020.
- Қожанасыр жырлайды / Махмұт Кая – Астана:Фолиант, 2018.
- Көршілер / Росио Бонилья – Нур -Султан:Фолиант, 2022.
- Ақ тауықтың әлегі /Шукис Дайнюс – Астана: Фолиант,2019.
- Харанитель бумажных птиц / Рох Урбаняк – Нур -Султан:Фолиант, 2021.

5-9 сыныптар үшін

Қазақ әдебиеті

- Қазақ халық ертегілері / Нұр -Сұлтан: Фолиант, 2021.
- Алдаркөсе / Қ.Мырза Әли – Алматыкітап, 2017.
- Дала әуені / Толымбек Әбдрайым - Алматы:Атамұра, 2015.
- Менің далам / Бауыржан Жақып – Алматы:Атамұра, 2014.
- Ғажайып жерге саяхат / Нұржан Мұратәлиев – Нұр- Сұлтан:Фолиант, 2022.
- Қызыл сырнай / Сұлтанәлі Балғабаев – Алматы:Мазмұндама, 2022.
- Нағыз әже қайда? / Нұрдаулет Ақыш – Алматы:Мазмұндама, 2022.
- Әкең де бала болған / Бек Тоғысбаев – Алматы:Атамұра, 2018
- Шуақты күндер / Зейнеп Ахметова – Алматыкітап,2008
- Ақиқат пен аңыз / Әзілхан Нұршайықов – Алматы: Атамұра, 2004
- Ақ боз үй / Смағұл Елубай – Алматы:Атамұра, 2008

Әлем әдебиеті

- Құпия бақ / Френсис Елиза Бернетт – Алматы: Мазмұндама, 2021.
- Дымбілместің айға саяхаты / Николай Носов – Нұр -Сұлтан: Фолиант, 2021
- Дымбілмес күн қаласында / Николай Носов – Нұр – Сұлтан: Фолиант, 2021.
- Асқақтық пен адасу / Джейн Остен – Нұр -Сұлтан:Фолиант, 2022.
- Шатырда тұратын Карлсон тағы да тентектік жасады / Нұр -Сұлтан, Фолиант,2022.
- Кішкентай ханымдар / Луиза Мэй – Нұр- Сұлтан: Фолиант, 2022.
- Гекльберри Финнің басынан кешкендері / Марк Твен – Алматы: Мазмұндама, 2021.
- Джнугли кітабы / Киплинг, Редьярд – Нұр -Сұлтан: Фолиант, 2022.

Бағалау критерийі:

- Сынып жетекшімен бірлесіп таңдалған кітапты оқиды;
- Шығарманың толық мазмұнын, айтылған ойын, сюжетін толық біледі;
- Оқыған жұмыстарын жарнамалау, насихаттау барысында қандайда да бір жұмыс үлгілерін тиімді қолданады.
- Кітаптан алған әсерлерін көпшілік алдында бөліседі, оқырманды шабыттандырады.
- Шығарманың маңыздылығын зерттеп, өмірмен байланыстырып түйінді ой айтады.

№	Іс-шара атауы	Таңдалған кітап атауы, авторы. Баспасы, жылы	Жобаға қатысушы сынып пен сынып жетекші	Уақыты Нәтиже
1	Қазақстан халқы ертегілері.	Қазақстан халық ертегілері.	1 сынып Желдібаева Марфуға	Қаңтар
2	«Бала деп соққан бауырмал жүрек»	Мұзафар Әлімбаев. «Үлкендерден үйреніп».	2 сынып Сұлтанғалиева Жанар	Қаңтар
3	Балбұлақ	Тұрдақын Жексенбай «Балбұлақ»	3 сынып Аққошқаров Ерсайын	Ақпан
4		«Бөбектерге арналған ертегілер»	4 сынып Ақылбекова Әлия	Ақпан
5		Алдаркөсе әңгімелері	5 сынып Аблаев Нұрымжан	Наурыз
6				
7		Оразақын Асқар «Қос қонырау»	6 сынып Мырзағалиева	Наурыз
8		Ұлы дала ертегілері	Алтыннұр 7 сынып Елемесова	Сәуір
9		«Кішкентай ханымдар»	Мөлдір 8 сынып Абдиганиева	Сәуір
10		Зейнеп Ахметова «Шуақты күндер» Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз»	Нұрия 9 сынып Урынбаева Айда	Мамыр



Нравится: 6

kosembai2020 "Оқуға құштар ұлт - оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектебімізде "Кел, бірге оқиық!" жобасы жүзеге асуда. Мақсаты: Балаларды әдеби кітапқа деген құштарлығын арттыру, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани - тәлім тәрбие беру. Сынып жетекшіні бірге оқуға тарту, бірлесе кітап оқуын ұйымдастыру. Жобаның сипаттамасы : Сынып жетекшімен бірге дауыстап оқып, оқылған шығарманың мазмұнын, шығармада айтылған негізгі ой мен сюжетін талқыға салу. Жобаның іске асыру мерзімі : 2022 -2023 оқу жылының желтоқсан - қаңтар, ақпан - наурыз, сәуір. Жоба аясында өткізілетін іс- шаралар: Сынып жетекші мен оқушыларды ұйымдастыру. Әр сыныпқа оқылатын кітаптардың тізбесін ұсыну. Сынып жетекші өз қалауымен бір кітапты таңдап сол бойынша жұмыстанады. Оқыған кітаптарына қорытынды жұмыс көрсетеді. Арнайы комиссия құрылып жобаға қатысушы сыныптар мен сынып жетекшілер қорытынды жұмыстың негізінде марапатталады. Қорытынды жұмыс көрсету үлгілері: әдеби - музыкалық концерт немесе қойылымдар, сұрақ- жауап сайысы, шығарма кейіпкерлеріне саяхат. Оқыған кітаптары туралы әңгіме немесе оқырман конференциясын құру. Әдеби аукциондар. Оқыған кітаптың желісіне суреттер көрмесі. Плакаттар көрмесі, Фотокөрме. АКТ - мен жұмыс түрлері: Ұйымдастырушы: кітапханашы Қалиева Б.С @oiyl_bilim_bolimi @aqtoobe_bilim_basqarmasy #оқуғақұштармектеп

27 декабрь 2022 г. · Показать перевод



Нравится koibakovnurlybek и еще 18

kosembai2020 "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында өтіліп жатқан "Кел, бірге оқиық" жобасының кезекті іс- шарасы 2 сынып оқушылары және сынып жетекшісі Сұлтанғалиева Жанар Бекқайырқызының таңдауымен балалар ақыны Мұзафар Әлімбаевтің "Үлкендерден үйреніп" және " Ана тіліне тағзым" атты кітаптарымен шығармаларына арналған "Бала деп соққан бауырмал жүрек" атты әдеби танымдық шара өтілді. Шара "Абыз аға, ән аға, Мұзаға!" циклінде басталып ақынның өмірбаянымен шығармашылығын презентация, бейнеролик арқылы шолу жасады. "Бала жаның сүйеді жыр - жүрегім" бөлімінде оқушылар ақынның бірнеше өлеңін мәнерлеп жатқа оқыды. "Ойдың озарманы, сөздің салқуреңі" бөлімінде ақынның тыйым сөздерін көзек-көзек жатқа айтты. Жұмбақтары жасырылып "Мысық пен күзен" мысалын және " Ит қалай дос іздегенде?" ертегісін сахналады. Өтірік өлеңдер, логогрифтер, метаграммалар, шарадарлары жатқа оқылып, мәреге жету ойыны арқылы жаңылтпаштары айтылып " Қожанасырдың мақтануы" әңгімесін көлеңке театрында айтып берді. "Біз білетін ертегілеріміз" айдарымен суреттер салынып оқыған ертегілерімен таныстырды. "Мұзафар" сөзіне стратегия құрғызды. Жобаға сынып оқушылары түгел қатынасты. @oiyl_bilim_bolimi @aqtoobe_bilim_basqarmasy @oiyl_akimat @aktobe.akimat #оқуғақұштармектеп

7 февраль · Показать перевод



kosembai2020 "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясындағы "Кел, бірге оқиық!" жобасының кезекті шарасы 3 сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Аққошқаров Ерсайын Құрылысұлының балалар ақыны Тұрдақын Жексенбайдың "Балбұлақ" шығармасына өткізілді. Ұстаз оқуға құштар мектеп жобасының мақсатын таныстыра отырып, Тұрдақын Жексенбайдың өмір жолымен таныстырды. Балбұлақ кітабының мазмұнына шолу жасалып "Екі күшік" әңгімесін сюжетті суреттер бойынша әңгімеледі. Оқыған әңгімелерін еске түсіру мақсатында ретімен орында, артығын тап, ретімен қой, сурет бойынша әңгімеле тапсырмаларын орындады. Ұлдар мен қыздарды топқа бөліп оқыған әңгімелерінің суреттері бойынша бір- біріне сұрақ қою арқылы жарыстырды. "Қу түлкі мен борсық" әңгімесінен сахналық қойылым көрсетіп, "Біздің не оқығанымызды көр" тақырыбында сюжетті суреттер көрмесі жасақталған. Шараға сынып оқушылары түгел қатынасты. @oiyl_bilim_bolimi @aqtoobe_bilim_basqarmasy @oiyl_akimat @aktobe.akimat #оқуғақұштармектеп

7 февраль · Показать перевод



Нравится amandyk_8383 и еще 9

kosembai2020 "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектепшілік "Кел, бірге оқиық" атты жобаның кезекті шарасы 4- сынып оқушылары және сынып жетекшісі Ақылбекова Әлия Елтайқызының таңдауымен "Балаларға арналған қызықты ертегілер" атты кітапты таныстыруы мен басталды. Кітаптың жалпы мазмұны мен оқуға құштар мектеп жобасының мақсатынан қысқаша мәлімет берді. "Раушан мен бұлбұл" ертегесін көлеңке театры нұсқасында қойды. Украина елінен келген жазушы балаларға арнап жазған "Қолғап" ертегісімен таныстырып және сол ертегіден қойылым қойды. Ал, Әзербайджан елінен келген ертегіші "Патша мен бағбан" ертегісін нақышына келтіріп, жағымды дауысы мен әңгімелеп берді. Шара барысында сынып оқушылары түгел қатынасты. Ұйымдастырушы: Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы. @oiyl_bilim_bolimi @aqtobe_bilim_basqarmasy @oiyl_akimat @aktobe.akimat #оқуғақұштармектеп



Нравится amandyk_8383 и еще 8

kosembai2020 "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясындағы мектепшілік "Кел, бірге оқиық" атты жобаның кезекті сағаты 5 сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Аблаев Нұрымжан Олжабайұлының таңдауындағы кітап "Алдаркөсе жырлары" болды. Іс - шараның ашылуы сынып жетекшінің авторы Махмұт Қаяның Алдаркөсе жырлары кітабының мазмұнының таныстырудан бастады. Автор туралы мәліметті слайд арқылы түсіндірді. Оқушылар "Дорба жасар едім?", "Есек ақырғанда" әңгімелерінен көрініс қойды. Мұғалім суретпен жұмыс ойының ұйымдастырды. Оқушылар берілген сурет қай мәтінге байланысты екенін тауып, әңгімені ары қарай жалғастырып айтып берді. "Күнә арқаламаймын", "Аңқаудың жұмбағы" әңгімелерін нақышына салып айтып берді. Ұйымдастырушы: Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы. @oiyl_bilim_bolimi @aqtobe_bilim_basqarmasy @oiyl_akimat @aktobe.akimat #оқуғақұштармектеп



